

Тақырыбы: 2024 – 2025 оқу жылындағы қаржылай көмек және жекелеген санаттағы білім алушылардың жазғы демалысын ұйымдастырудың нәтижесі. Бракираж комиссия мүшелерін бекіту.

Күні: 27.08.2024 жыл

Мәселе:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына 13-қосымша "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің мынадай санаттарына:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;
- 2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;
- 3) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға;
- 4) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;
- 5) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына қаржылық және материалдық көмек көрсету тәртібін айқындайды.

Биылғы көрсетілетін қаражат көлемі – 43 407 (қырық үш мың төрт жүз жеті) тг құрайды. Тамыз айында 111 білім алушыға қаржылай көмек ақшасы ата-ана есеп шотына аударылды.

Жекелеген санаттағы білім алушылардың жазғы сауықтыру лагерьін ұйымдастыру мақсатында мектепшілік 17 білім алушы оның 3 АӘК алатын отбасы балалары, 14 күн көріс деңгейі төмен отбасының балалары осымен қатар қала сыртындағы «Шұғыла» лагерінің 4 мезгілінде 10 білім алушы жіберілді оның ішінде 3 АӘК алатын отбасы баласы, 7 күн көріс деңгейі төмен отбасы балалары.

Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығының 109 тармағына сәйкес (2021 жылғы 05 тамыздағы №76 бұйрығының 7-тарау 122 – тармақшасын) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығы 2024-2025 оқу жылында білім алушыларға тамақтануды ұйымдастыру мақсатында, «Тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу» және Бракираждық комиссия құрылды.

Комиссия мүшелері төмендегідей құрылды:

Комиссия төрағасы: А.Т.Куштаев – мектеп директоры

Комиссия мүшелері: Г.Б.Ережепова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

А.С.Төрәлі - әлеуметтік педагог

Г.К.Қауысова – директор орынбасары

Ж.К.Хасанова- қамқоршылар кеңесінің төрайымы

Ж.Буранкулова – ата-ана комитеті


М.Иманғалиева – медбике

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына 2022 жылғы 8 тамыздағы №554 3 тармақ 4 бөліміне «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты негізінде 2024-2025 оқу жылында әлеуметтік аз қамтылған білім алушыларды тегін тамақпен қамтамасыз ету мақсатында ас мәзірі 603 теңге құрайтын 2 апталық ас мәзірі облыстық білім басқармасымен бекітілген. Осы ас мәзірі бойынша жекелеген санат оқушылары мен 1-4 бастауыш кластар білім алушылары қамтылады.

Қаулы:

- Қаржылай көмек көрсетілген білім алушылардың 43407 тг чектік, суреттік есебін жинақтау;
- Қала сыртындағы тынығу лагеріне барған балалардың кері қайту жолдамаларын жинақтау;
- Бракираж комиссиясы жоспар бойынша өз жұмыстарын жандандырылсын;
- Жекелеген санат оқушыларының 5-11 класс арасындағы құжаты 2024-2025 оқу жылы аралығы жинақталады.

Әлеуметтік педагог.  А.С.Төрәлі



ӨТІНІШКЕ РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР:

Мемлекеттік атаулы
әлеуметтік көмек алуға
құқығы бар
• отбасылардан шыққан
балаларға:
АӘК алатынын
растайтын анықтама;

Мемлекеттік АӘК алмайтын,
жан басына шаққандағы
табысы ең төменгі күнкөріс
деңгейінің шамасынан төмен
отбасылардан шыққан
балаларға: Заңды өкілдерінің
жұмыссыз және табысын
растайтын құжаттары


Төтенше жағдайлардың
салдарынан шұғыл жәрдемді
талап ететін отбасылардан
шыққан балалар Төтенше
жағдайлардың туындауына
әкеп соққан аварияларды,
зілзалаларды, апаттарды
тергеп-тексеру қағидаларын
бекіту туралы" ҚР Ішкі істер
министрінің 2015 жылғы 23
қаңтардағы № 46
бұйрығымен бекітілген
Төтенше жағдайлардың актісі
қоса беріледі

Жетім балаларға және ата-
анасының қамқорлығынсыз
қалған балаларға
қорғаншылықты
(қамқоршылықты), патронаттық
тәрбиелеуді бекіту туралы
уәкілетті органның шешімі;

білім беру ұйымының алқалы
басқару органы

Қаржылай көмек – 2024-2025

оқу жылы



Жазғы сауықтыру лагерь

2023-2024 оқу жылы

